



**«М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті» КЕАҚ
(Қазақстан Республикасы)**

және

**«Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕАҚ
(Қазақстан Республикасы)**

арасындағы

**ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ
МЕМОРАНДУМ**

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ МЕМОРАНДУМ

№ _____

Орал қ.

«27» 02 2026 ж.

«М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы атынан, Жарғы негізінде әрекет ететін Басқарма Төрағасы – ректор Серғалиев Нұрлан Хабиболлаұлы бір жағынан, және «Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КеАҚ, Жарғы негізінде әрекет ететін Басқарма Төрағасы - Ректор Бурибаев Ермек Абильтаевич атынан, екінші жағынан (бұдан әрі - бірлесіп «Тараптар» немесе жеке - жеке «Тарап» деп аталады), екі оқу орны арасындағы ынтымақтастықтың білім беру және ғылым салаларындағы екі жақты қарым-қатынастарын одан әрі дамыту қажеттілігін **білдіре отырып**, жоғарыда аталған бағыттар бойынша екі оқу орнының ынтымақтастығын дамытуға үлес **қосқысы келіп**, осы ынтымақтастық туралы Меморандумды (бұдан әрі - Меморандум) жасасып, келесі шарттар туралы келісті:

1-бап

1.1. Осы Меморандумның негізгі мәні Меморандумда айқындалған бағыттар бойынша ынтымақтастық Тараптарының өзара іс-қимылын қамтамасыз ету болып табылады:

- 1) Тараптардың қызметкерлері және оқытушыларымен алмасу;
- 2) Ғылыми-зерттеу тәжірибесі мен тағылымдамадан өтуді қамтамасыз ету мақсатында бакалавриат, магистратура, докторантура білім алушыларымен алмасу;
- 3) Бірлескен білім беру бағдарламаларын, оның ішінде қос диплом бағдарламаларын, сондай-ақ оқу жоспарларын беруді көздейтін бағдарламаларды әзірлеу және іске асыру;
- 4) Академиялық кездесулер мен конференцияларды ұйымдастыру;
- 5) Бірлескен зерттеу қызметі. Мемлекеттік, қоғамдық және жеке қорлар мен ұйымдар жариялайтын гранттарға бірлесіп қатысу;
- 6) Серіктес университеттің мерзімді басылымдарында профессор-оқытушылар құрамының, Тараптардың білім алушылары мен оқытушыларының мақалаларын, баяндамаларын және басқа да ғылыми еңбектерін жариялау;
- 7) Ғылыми ақпаратпен, жарияланымдармен, материалдармен алмасу; Зерттеу жүргізу үшін ғылыми орталықтар мен зерттеу лабораторияларына қолжетімділікті ұйымдастыру;
- 8) Серіктес ЖОО-да PhD докторанттарға ғылыми жетекшілік ету үшін жетекші ғалымдарды тарту;
- 9) Екі тарап келісетін білім беру және ғылыми ынтымақтастықтың басқа түрлері.

1.2. Ынтымақтастықтың аталған түрлерін іске асыру мақсатында екі Тараптардың факультеттері мен институттарының өкілдері бір-біріне кеңес бере алады және жоғарыда аталған ынтымақтастықтың әрбір немесе барлық салаларында ынтымақтастықтың арнайы жоспарларын әзірлеуге құқылы.



1.3. Ынтымақтастық серіктестік, теңдік және өзара қызығушылық қағидаттарында жүзеге асырылады.

1.4. Тараптар осы Меморандумды орындау бойынша өзара іс-қимылды үйлестіру үшін Тараптар өкілдерінен байланысушы тұлғаны тағайындай алады.

1.5. Ынтымақтастықтың жекелеген бағыттарын іске асыру үшін Тараптардың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жекелеген шарттар (келісімдер) жасасу мүмкіндігі бар.

1.6. Тараптар осы Меморандумның нысанасына жататын кез келген құпия ақпаратты (толық немесе ішінара) жария етудің алдын алу жөнінде шаралар қабылдауға келісті.

1.7. Тараптар бұл меморандумды бірлескен қызмет бойынша заңды және қаржылық міндеттемелерге әкеп соқпайтын құжат ретінде қарастырады.

1.8. Осы Меморандумның ережелерін орындауға байланысты туындайтын Тараптар арасындағы келіспеушіліктер келіссөздер жолымен шешілуге тиіс.

2-бап

2.1. Меморандум шеңберінде ынтымақтастықтың әрбір бағдарламасын іске асыру шарттарын әрбір жеке бағдарламаны іске асыру басталғанға дейін жеке келісімдер жасасу жолымен тараптар келісуі және қабылдауы тиіс. Бұл жеке келісімдер жүзеге асырылатын функциялар мен қызмет түрлерін, жұмыс кестесін, жеке сауалнаманы, қаржыландыру жағдайын, әр Тараптың құқықтары мен міндеттерін, сондай-ақ әр бағдарлама аясындағы ынтымақтастықтың мақсаттары мен бағыттарын анықтау үшін қажетті құжаттарды айқын сипаттайды.

2.2. Осы арқылы Тараптар Меморандумға қол қою қаржылық және өзге де міндеттемелерге әкеп соқпайтынымен келіседі, ал мұндай міндеттемелердің басталуы жекелеген келісімдерге қол қоюды талап етеді.

3-бап

3.1. Меморандум аясындағы барлық іс-әрекеттерді Тараптар мақұлдайды және Тараптардың ғылыми және қаржылық талаптары мен мүмкіндіктеріне сәйкес келеді.

3.2. Бірлескен зерттеулердің нәтижелері, соның ішінде зияткерлік меншік құқықтарын қоса алғанда, олармен шектелмей, Тараптар арасындағы кеңес беру арқылы әділ пайдаланылуы тиіс.

4-бап

4.1. Меморандум ережелерін орындау барысында Тараптар ҚР заңнамасын басшылыққа алады.

4.2. 1 - бапта көрсетілген ынтымақтастықтың барлық түрлері Қазақстан Республикасының барлық заңдарына, ережелеріне және нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес орындалуы тиіс.

4.3. Тараптар бір-біріне беретін не осы Меморандумның орындалуына байланысты Тараптардың біріне белгілі болған барлық ақпарат құпия болып табылады және қолданыстағы заңнамада белгіленген жағдайларды қоспағанда, Тараптардың алдын ала жазбаша келісімі бойынша қоспағанда, үшінші тұлғаларға хабарланбауға тиіс. «Құпия ақпарат» термині ашылатын Тарапқа қатысты кез келген ақпаратты білдіреді.

5-бап

5.1. Меморандум екі университеттің де уәкілетті өкілдері қол қойған күннен бастап күшіне енеді және екінші Тарапты хабардар ету арқылы Тараптардың бірі оны бұзғанға дейін күшінде қалуға тиіс. Меморандумды бұзу туралы хабарлама болжамды тоқтату күнінен кемінде алты ай бұрын берілуі тиіс. Меморандум Тараптардың өзара уағдаластығы бойынша кез келген уақытта осы меморандумға Қосымша келісім жасау арқылы өзгертілуі мүмкін.

5.2. Меморандум Тараптардың әрқайсысы үшін бір-бірден бірдей күші бар қазақ тілінде екі данада жасалды.

Тараптардың заңды мекенжайлары:

«М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан
университеті» КеАҚ
090000, ҚР, Орал қаласы, Н.Назарбаев
даңғылы 162
Тел: +7(7112) 26 05 25
e-mail: interdep@wku.edu.kz

«Илияс Жансүгіров атындағы Жетісу
университеті» КеАҚ
Мекен-жайы: 040009, Талдықорған қ.,
І.Жансүгіров көшесі 187а
тел.: +7 (7282) 22 00 17
e-mail: zhetysu@zu.edu.kz



Басқарма Төрағасы - ректор

Н.Х. Серғалиев



Басқарма Төрағасы - Ректор

Е.А. Бүрібасев

Handwritten signature

Handwritten signature